

**Қазақстан Республикасында шетелдіктің тұру ықтиярхатының үлгісін (сипаттамасын) бекіту туралы**

*Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 23 қаңтардағы N 87 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 27 тамыздағы N 1260 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.08.27. N 1260 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-т. қараңыз) Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.12.24 N 1235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасында шетелдіктің тұру ықтиярхатының бланкілерін жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.12.24 N 1235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында шетелдіктің тұру ықтиярхатының үлгісі (сипаттамасы) бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.12.24 N 1235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің тапсырысы бойынша Қазақстан Республикасында шетелдіктің тұру ықтиярхаты бланкілерін оның сипаттамасына сәйкес жасауды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.12.24 N 1235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

*Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің*

*бірінші орынбасары*

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 23 қаңтардағы  
N 87 қаулысымен  
бекітілген

## Қазақстан Республикасында шетелдіктің тұру ықтиярхатының үлгісі (сипаттамасы)

Ескерту. Үлгінің тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.12.24 N 1235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

1. Ықтиярхат - мөлдір пластикалық қаптамасы бар, көлемі 70X100 мм, баспаханалық жолмен жасалған, түрлі-түсті кәртiшке. Мұндағы жазулар мен сызықтар қара түсті бояумен түсірілген.

2. Оның бет жағында:

а) жоғарғы шетінде:

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

деп жазылған, бұлардың арасында диаметрі 20 мм Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген.

б) олардан төмен - Шетелдіктің тұру ықтиярхаты

Вид на жительство иностранца

деген жазулар бар;

в) елтаңбаның астында қоныстану ықтиярхатының нөмірі көрсетілген;

г) сол жағында мөлшері 33x43 мм сурет кәртiшкесі жапсырылған.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.12.24 N 1235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

3. Суретінің оң жағында төрт көлбеу сызық тартылған. Олардың астында:

Тегі/Фамилия

Аты/Имя

Әкесінің аты/Отчество

Туған күні, айы, жылы/Дата рождения

Төменде мәшине шығаратын текске орын қалдырылған.

4. Сырт жағында сегіз көлбеу сызық тартылған. Олардың астында:

Туған жері/Место рождения

Азаматтығы/Гражданство

Тұрғылықты жері/Место жительства

Берген мекеме/Орган выдачи

Берілген күні қолданылу мерзімі/Дата выдачи-срок действия

Қолы/Подпись  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 23 қаңтардағы  
N 87 қаулысымен  
бекітілген

**Азаматтығы жоқ адамның куәлігінің үлгісі (сипаттамасы)**

Ескерту. Үлгі алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2008.12.24 N 1235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз)  
Қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК